Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина

ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ АЛАТЫН БАЛАЛАР ҮШІН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ

ПО ИСПОЛЬЗОВАНИЮ СИСТЕМЫ ЭЛЕКТРОННОГО ОБУЧЕНИЯ ДЛЯ ДЕТЕЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ НА ДОМУ

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 8 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 18 сентября 2015 года)

Үй жағдайында білім алатын балалар үшін электрондық оқыту жүйесін қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 26 б.

Методические рекомендации по использованию системы электронного обучения для детей обучающихся на дому. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 25 с.

Осы әдістемелік ұсынымдарында үйде оқытылатын балаларды оқытудағы әдістемелік ерекшеліктерінің сипаттамасы және үйде оқытуды ұйымдастыру үшін ЭОЖ-ң функционалдық және білім беру ресурстарын қолдану бойынша ұсыныстар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар мектеп мұғалімдеріне, колледж оқытушыларына, үйде оқытылатын мектеп оқушылары мен колледж студенттеріне, сонымен қатар олардың ата-аналарына арналған.

В настоящих рекомендациях даны методические особенности обучения детей на дому и рекомендации по использованию функциональных и образовательных ресурсов СЭО для организации обучения на дому.

Методические рекомендации адресованы руководителям организаций образования, учителям школ, преподавателям колледжей, обучающимся на дому ученикам и студентам колледжей, а так же их родителям.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015
© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2015

Мазмұны

	Кіріспе.....	4
1	Балаларды үйде оқытуды ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері.....	5
2	Үйде оқытуды ұйымдастыру үшін ЭОЖ-нің функционалдық және білім беру ресурстарын қолдану.....	8
	Қорытынды.....	24
	Глоссарий.....	25
	Қолданылған дереккөздер тізімі.....	26

Кіріспе

«Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында Президент, балаларды қорғауды ел дамуының маңызды басымдықтарының бірі ретінде белгілеп, мемлекеттік ұйымдар қызметінде оны іске асыру бойынша жақын жылдарға арналған әлеуметтік саясаттың жаңа принциптерін айқындады. Мемлекеттік әлеуметтік саясат Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары мен халықаралық міндеттемелерге сәйкес бала дамуын физикалық, зияткерлік, рухани, адамгершілік және әлеуметтік жағынан толыққанды қамтамасыз етуге бейімделген.

ҚР «Білім туралы» заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыттар бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдарға бара алмай жүрген азаматтар үшін үйде немесе емдеу ұйымдарында жеке тегін оқыту ісі ұйымдастырылады.

Денсаулық жағдайына байланысты қысқа мерзім ішінде (6 айға дейін) мектептегі сабаққа бара алмай қалған 18 жасқа дейінгі 1-11 сынып оқушыларын жеке оқытуға ҚР Білім және ғылым министрлігінің 28.02. 2000 ж. № 07-4/889 Хатына сәйкес рұқсат етіледі. Бұл оқушыларды үйде жеке оқыту емдеу мекемелерінің (аурухана, емхана, диспансер) қорытындысы мен аудандық (қалалық) оқу бөлімінің рұқсаты (әрбір жеке жағдаятқа байланысты) негізінде жүргізіледі. Бұл категориядағы балаларға психологиялық-медициналық-педагогикалық конультация берілмейді. Уақытша ауру балаларды оқыту бағдарламасы - жалпы білім беру сипатында болады.

Егер баланың мүмкіндігі шектеулі болса, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация орны оқыту бағдарламасын (жалпы білім беретін, психикалық дамуы кешеуілдеген және 1-ші немесе 2-ші типтегі коррекциялық көмектерді қажет ететін балаларға арналған бағдарламалар) ата-ананың қатысуымен белгілейді. Консультациялық ұсынымға сәйкес білім беру ұйымы оқыту бағдарламасын әзірлейді.

2011-2020 жылдарға арналған Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында 2011 жылдан бастап республиканың оқу орындарының оқу процесіне жүзеге асырылуда Е - оқыту, сондай-ақ, оның ішінде, ең үздік білім беру ресурстары мен технологияларына білім беру процесінің барлық қатысушыларының тең қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған, олардың ішінде үйде оқитын балаларда болу тиіс. Осыған байланысты бұл әдістемелік ұсынымда үйде оқытуды ұйымдастыруға болатын электрондық оқытудың функционалдық және білім беру ресурстарына ерекше көңіл аударылады.

1 Балаларды үйде оқытыду ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері

Үйде оқыту баланың оқитын мектебі тарапынан ұйымдастырылады. Үйде оқитын баланың білімі жүйелі түрде бағалануы тиіс. Олардың тегі, үлгерімі, сыныптан сыныпқа көшуі мен мектепті бітіруі туралы мәліметтер тиісті сынып журналына ендіріледі.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация орнының «1, 2-типтегі интеллектілік ақауы бар балалар үшін арнаулы түзету бағдарлама бойынша үйде оқыту» немесе «психикалық дамуы кешеуілдеген балалар үшін әзірленген бағдарлама бойынша үйде оқыту» туралы ұсынымын алған мүмкіндігі шектеулі (мүгедек емес) балалардың үйде оқуын ұйымдастыру кезінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің арнайы бұйрығына сәйкес жасалған оқу жоспары пайдаланылады.

Мүгедек балаларды оқыту ісін әр түрлі категориядағы психофизикалық даму ерекшеліктері туралы қажетті ілім-білімді игерген мұғалімдер жүзеге асыруы тиіс. 1-ші немесе 2-ші типтегі коррекциялық бағдарлама бойынша мүгедек балалар үшін бастауыш мектептің оқу жоспары 1-9 сыныптарға бөлінетін болғандықтан оларды оқытуға бастауыш сынып мұғалімдерін тарту ұсынылады.

Үйде сабақ беретін әрбір мұғалім мүгедек баланың дамуы мен білім игеру сапасы жөнінде динамикалық бақылау күнделігін жүргізуі тиіс. Баланың іс-әрекеті оның психофизикалық және физикалық жай-күйіне байланысты талданады. Күнделік тұрақты түрде кестеге сәйкес жүргізіледі. Бұл мұғалімнің кезекті жұмыс үдерістеріне: өтілген сабақтардың сапасы туралы жартыжылдық есеп беру құжатын, жылдық психологиялық-педагогикалық мінездемені, мониторингтік таблицаларды жасауға және т.б. қажетті материал болып табылады. Үйде уақытша оқытылатын балаларға мұндай күнделік жүргізілмейді.

Жалпы білім беретін бағдарлама бойынша және психикалық дамуы тежелген балалар үшін әзірленген бағдарлама бойынша оқытылатын мүгедек балаларға ағымдағы және тоқсандық бағалар сынып журналына әр тоқсанның аяғында қойылады. 1-ші немесе 2-ші типтегі арнаулы коррекциялық бағдарлама бойынша оқытылатын балаларға тек тоқсандық бағалар ғана қойылады.

Мектеп директорының орынбасары жеке кесте жасайды. Оны ата-аналармен және жүктемелері оқу жоспары бойынша бөлінген мұғалімдермен келістіреді. Ата-аналармен келісілген кестені мектеп директоры бекітеді.

Оқытудың ұсынылған бағдарламасына сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспар жалпы тәртіп бойынша бекітіледі.

Мектеп әкімшілігі сабақтардың дер кезінде өткізілуіне, оқу бағдарламалары мен жеке оқыту әдістемелерінің орындалуына бақылау жасайды. Бұл мәселе жылына 2 рет (қазан, ақпан) мектепішілік бақылау кезінде, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша педагогикалық кеңесте қарастырылады. Жыл қорытындысы бойынша кеңесте, осымен қатар, пән мұғалімдерінің сыныптан сыныпқа өту мәселесіне байланысты есептері

тындалады.

Жыл қорытындысы бойынша үйде тәлім алатын әрбір оқушыға арнайы папка жасақталады.

Тәжірибе көрсеткендей, қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану арқылы дәріс беру мүгедек балалардың білім алу мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді, оқушылардың жалпы бастауыш, жалпы негізгі және жалпы орта (толық) білімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мүгедек балаларды қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру кезінде білім беру бағдарламасының игерілуін және жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге жол ашатын оқу-әдістемелік кешен мазмұны мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес болуы тиіс.

Мүгедек балаларды қашықтықтан оқыту ісі жекелей жүргізілуі қажет.

Мүгедек балаларды қашықтықтан оқыту ісін олардың әр түрлі категорияларындағы психофизикалық даму ерекшеліктері туралы тиісті білімдерді, сондай-ақ мұндай балалар үшін тікелей және қашықтық формаларда білім беру процесін ұйымдастыру әдістері мен технологияларын игерген мұғалімдер жүргізуі шарт.

Мүгедек балаларды қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып оқыту қызметін жүзеге асыруға дайындау үшін алдын ала мұғалімдерді аталмыш тақырып бойынша біліктілікті арттыру курсынан өткізу қажет.

Осымен қатар, мүгедек балаларды қашықтықтан оқыту ісін жүзеге асыратын мұғалімдерге жүйелі түрде консультативтік-әдістемелік қолдау көрсету керек.

Қашықтықтан оқыту тікелей білім беру ұйымы тарапынан атқарылады. Балаларды оқытып-үйрету штат құрамында бар, мектепте негізгі немесе қосымша жұмыс орны бойынша қызмет ететін мұғалімдер тарапынан жүзеге асырылады.

Бұл орайда білім беру ұйымының мүгедек балаларды қашықтықтан оқыту ісін ұйымдастыруға байланысты қызметіне әдістемелік тұрғыдан қолдау керсетілуі қажет. Білім беру ресурстары мен консультативтік-әдістемелік көмек қашықтық режим бойынша қол жетімді болуға тиіс.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін мүгедек балалардың тұратын орындарын және мұғалімдердің жұмыс орындарын Интернетке қосу, сондай-ақ оларды компьютерлік техникалар, сандық оқу жабдықтары, оргтехникалар, бағдарламалық қамтамасыз ету тетіктері жинақтамаларымен бұдан әрі - жабдықтар жинақтамасы) жарақтандыру қажет. Бұлар мүгедек балалардың даму ақаулықтарындағы өзіндік ерекшеліктерге тиісінше бейімделген болуы шарт.

Мүгедек балаларды, олардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) және мұғалімдерді қашықтықтан оқыту барысында жабдықтар жинақтамасын қолданудың әдіс-тәсілдерін үйрету керек. Сондай-ақ, оларға білім беру процесін ұйымдастыру мен техникалық қамтамасыз етуге байланысты әр түрлі мәселелер төңірегінде қол жетімді консультациялық қызметтер ұсыну қажет.

Осымен қатар, балалар мен мұғалімдердің жұмыс орындары техникалық

қызмет көрсету жүйесімен қамтамасыз етілуі, жабдықтар жинақтамасының жұмысындағы ақаулықтар оперативті түрде ретке келтіріліп, қажет болған жағдайда - бұзылғандары мүмкіндігінше қысқа мерзімде ауыстырылуы тиіс. Білім беру процесін ұйымдастыру ісінде үзіліс болмауы қарастырылып отыруы керек.

Мұғалімдердің жұмыс орындары білім беру ұйымында да, оның тікелей тұрғын жайында да жабдықтар жинақтамасымен жарақтануы және Интернетке қол жеткізіліммен қамтамасыз етілуі мүмкін. Бұл варианттың артықшылығы сол, қашықтықтан оқыту формасында сабақ ұйымдастыру және оны өткізу мұғалімнің міндетті түрде білім беру ұйымында болуын талап етпейді, сондықтан ол оқу процесін неғұрлым икемді, тиімді етіп жоспарлауына мүмкіндік алады.

Жабдықтар жинақтамасы білім беру процесіне қатысушыларға шарт негізінде уақытша қайтарымсыз пайдалануға беріледі (кәмелетке толмаған оқушыға берілетін жабдықтар жинақтамасына қатысты мұндай шарт ата-аналармен немесе заңды өкілдермен жасалады).

Оқыту формасы мен оқушылардың оқу жүктемелері көлемі балалардың психофизикалық даму ерекшеліктеріне, жеке мүмкіндіктеріне және денсаулық жағдайына байланысты белгіленеді. Мамандар тарапынан тиісті ұсынымдар болған жағдайда сынып бойынша сағат мөлшері оқу жүктемелерінің санитарлық-гигиеналық талаптарда көзделген жоғарғы шегіне дейін көбейтілуі мүмкін.

Алайда, қашықтықтан оқыту формасы мұғалім (мұғалімдер) мен оқушының тікелей қарым-қатынасын жояды, сондықтан оқытуда тек өзін ғана қолдануға болмайды. Қашықтықтан оқытумен қатар мұғалімнің оқушы үйіне келгені дұрыс.

Мүмкіндік болса, денсаулығы нашар балаларды дені сау балалармен бірге тәрбие, ойын-сауық, спорттық – сауықтыру және басқа да ойын-сауық іс-шараларға қатыстыру қажет.

2 Үйде оқытуды ұйымдастыру үшін ЭОЖ-нің функционалдық және білім беру ресурстарын қолдану

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленген, республикадағы білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізудің басты мақсаты білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын озық білім беру ресурстары мен технологияларымен қамтамасыз ету арқылы, барлық балаларға, оның жасына, денсаулық жағдайына тәуелсіз сапалы білім беру.

Балалардың үйде оқытылуын ұйымдастыру үшін ЭОЖ бір қатар функционалдық және білім беру ресурстарын қолдануға болады, нақтырақ айтсақ:

1) Балалардың үйде оқытылуын бала оқитын (белгілі бір сынып құрамына кіреді, оның тегін сынып журналына енгізеді және осы журналға бағасын қояды) мектеп ұйымдастыратындықтан, мұғалімдерге «Электрондық журналдың» функционалы, ал оқушылар мен ата-аналарға толтырылуы тікелей «Электрондық журнал» арқылы жүзеге асатын «Электрондық күнделік» қажет.

«Электрондық күнделік» функционалы.

ЭО АЖ кіру үшін браузердің мекенжай жолына *http://e.edu.kz* мекенжайын теру керек. Егер интернеттің баптаулары дұрыс болса, электрондық оқудың ақпараттық жүйесінің Басты терезесі ашылады.



1-сурет – Электрондық оқыту жүйесінің басты терезесі

Электрондық оқыту жүйесіне кіру үшін пайдаланушы авторландырылуы тиіс. Пайдаланушыны авторландыруды жүргізу үшін ЭО АЖ Басты терезесінде «Жұмысты бастау» командасын (1-сурет) таңдау қажет, авторландыру терезесі ашылады (2-сурет). Оқыту үдерісін басқару жүйесіне кіру үшін Логин мен құпиясөзді енгізу және «Кіру» түймешігін басу қажет.



2-сурет – Авторландыру терезесі

Егер енгізілген Логин мен Пароль дұрыс болса, онда пайдаланушыға рөліне сәйкес басқа беттерге қолжетімділік берілетін болады.

Оқушының электрондық күнделігі – бұл төмендегілер белгіленетін, білім беру үдерісінің құжаты:

– сабақ кестесі;
– үй тапсырмаларының мәліметі;
– оқушының үлгерімі туралы мәлімет.

«Жүйеге кіру» түймешігін басқан кезде ата-ана электрондық күнделікті жүргізу бөліміне автоматты түрде түседі (3-сурет).



3-сурет – «Күнделік» терезесі

Күнделікте сабақ туралы келесі ақпарат жүргізіледі: уақыты, пән, оқытушы, кабинет, сабақ тақырыбы, үй тапсырмасы, сабақтағы баға.

Үйде оқытылатын оқушы үшін мұғалімнің күнделікке тапсырмалар сілтемесі мен пәндер бойынша оқу контентін орналастыруы өте маңызды.

Күнделіктегі барлық ақпарат автоматты түрде толтырылады және оқушымен редакцияланбайды.

1) «Электрондық журнал» функционалы. Электрондық журнал – дәстүрлі үлгерім журналының аналогы, сынып оқушыларының тізімін жүктеу, өткізу мерзімі мен сабақ тақырыптары. Бағаларды түсіндірмелерімен бірге қою мүмкіндігі бар. Алған бағалары мен берілген үй тапсырмалары немесе өзіндік жұмыстары автоматты түрде көрсетіледі. Үйде оқытылатын балалар үшін тапсырмаларды беру үдерісі өте маңызды болып келеді.

Бағалар журналымен жұмысты бастау үшін ЭОАЖ кіріп авторландырудан өту керек (1, 2-суреттері). Кейін сабақ кестесіне сәйкес сабақты таңдау керек. Ол үшін (4-сурет) басты терезеде «Ауысу» «Менің сабақтарым» таңдау керек. Мұғалімнің Жеке кестесі бар «Кесте» терезесі ашылады.



4-сурет – «Сабақ кестесі» терезесі

«Сабақ кестесі» терезесінде оқу кезеңін таңдау керек: Оқу жылы, Оқу кезеңі, Апта. Таңдалған кезеңдегі жеке кестеде сабақты таңдау. Экранда келесі ақпараттар пайда болады.

Ары қарай экранда таңдалған сабақ терезесі пайда болады (5-сурет).



5-сурет – Сабақ терезесі

Сабақты бастау үшін «Сабақты бастау» батырмасына басу керек. Осыдан кейін экранда сабақтың басталуын растау туралы сұранысы бар терезе пайда болады.

Сұраныс расталғаннан кейін Сабақ терезесі осылайша өзгереді (6-сурет):

6-сурет – Сабақ терезесі

Журнал терезесі екі бөлімнен тұрады: оқытушының Жеке кестесі және Бағалау журналы. Жеке кесте бөлімінде мерзімге және оқытушының сабағына өту командасы орындалады. КТЖ-е алдын ала құрастырылған сабақ тақырыбы қосылады. Егер Тақырыптар сабаққа байланысты болмаған жағдайда, Журналда сабақ тақырыбын беру керек.

Сабақ бағаларын қою. «Қатысушылар» тізіміндегі ТАӘ-мен бірге тұрған + пернесіне басып, бағаны таңдау керек.

Бағаны жою. Қойылған бағаны жою үшін жойылатын бағаға басу керек, кейін басқа бағаға алмастыру немесе «Жою» командасын таңдау керек.

Оқушыларға тапсырмаларды беру. «Тапсырмалар» секциясында сабақ барысында оқушыларға берілген тапсырмаларды журналға (жеке немесе барлық оқушыларға) енгізуге болады. Журналға тапсырмаларды енгізу үшін (6-сурет) батырмасына басу керек.

Экранда «Тапсырмалар» терезесі пайда болады (7-сурет).

«Тапсырмалар» терезесінде келесі әрекеттерді орындау керек (7-сурет):

1) Тапсырма типін таңдау (Үй тапсырмасы, Сыныптағы жұмыс, Өзіндік жұмыс т.б.).

2) Күрделілік деңгейін көрсету.

3) Тапсырма мәтінін енгізу алаңына қолымен енгізу немесе «СБР-ден қосу» жазуына басып, СБР-ден тапсырманы таңдау керек.

4) «Барлығына» деген қанат белгісін қою, тапсырма барлық оқушыларға берілді.

5) Егер тапсырманы сақтау керек болса, «Қосу» батырмасына басу керек, қажет болмаса, «Болдырмау» батырмасына басу.

Берілген тапсырманы түзету үшін тапсырма нөміріне басу керек, түзету режиміндегі «Тапсырма» терезесі ашылады.

Тапсырманы белгілеу үшін (немесе тапсырманы алып тастау үшін) оқушылар ТАӘ қасына қанат белгісін қою керек.



7-сурет – «Тапсырмалар» терезесі

2) «Е-Кітапхана» функционалы. Электрондық кітапхана жоба аясында өңделген сандық білім беру ресурстары орналасатын ЭОЖ-ң маңызды комоненті болып табылады.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ деректері бойынша электрондық оқыту жүйесінде Ақпараттандырудың ұлттық орталығы мен «*Bilim Media Group*» ЖШС мектептің 15, ал колледждердің 24 пәндері бойынша 14 551 сандық білім беру ресурстарын өңдеп орналастырды. Сонымен қатар, 2013 жылы құрылған жалпы білім беретін мектептің 8, ал колледждердің 5 пәндері бойынша білім беру контенті технологиялық платформаларды (*htm l5* форматта) қолдап, пайдаланушылардың әр түрлі құрылғылардан қолжетімділікті алуға мүмкіндік береді. Материалдар түрлі сыныптар, пәндер және тақырыптар бойынша бөлінген, әр оқушы өзіне қызықты тақырыпты еш қиындықсыз таба алады. Материалдар екі тілде ұсынылған – мемелекеттік және орыс тілінде, мектептің 5 пәндері бойынша 1212 сандық білім беру ресурстары ағылшын тілінде.

Мұғалімдерге көмек ретінде Ақпараттандырудың ұлттық орталығы СБР қолдану бойынша оқу-әдістемелік құралдарды және пәндер бойынша (математика, алгебра, геометрия, физика, химия) СБР пайдаланушыларына арналған басшылықты өңдеді.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР БҒМ сайтында (*https://e.edu.kz/98*) Нормативтік құжаттар бөлімінде, сондай-ақ Ұлттық ақпараттандыру орталығының *http://nci.kz* сайтына орналастырылған және барлығы да ашық қолжетімді болып табылады.

Е-кітапханаға кіру үшін *https://e.edu.kz/* электрондық оқыту жүйесіне кіру керек (1-сурет). ЭОЖ басты терезесінде *Е*-кітапхананың қосымшасы орналасқан. *Е*-кітапхана беті авторландырылған пайдаланушылар үшін де, және

авторландырылмаған пайдаланушылар үшін де қолжетімді болып келеді. *Е*-кітапханаға кіру үшін Логин мен Құпия сөзді енгізу және «Кіру» батырмасын басу керек. Басты бетте СБР таңдаулы, әрі маңызды ретінде жүйеленеді (8-сурет).



8-сурет – *Е*-кітапхана терезесі

Авторландыру арқылы Е-кітапханаға кірген кезде СБР сілтемесін жүктеуге болады (мысалы, үй тапсырмасына СБР беру), берілген СБР қатысуын қарау, рейтингті белгілеу – бағалау, түсініктеме қалдыру (9-сурет).



9-сурет – СБР-мен әрекет

Е-кітапханаға пайдаланушы авторландырусыз кірген кезде СБР тек маңызды ғана жүйеленеді және СБР кіруін қарау, СБР бағалау, СБР-е түсініктеме беру сияқты әрекеттер мүмкін емес (10, 11-сурет).



10-сурет – *Е*-кітапхана терезесі



11-сурет – СБР-мен әрекет

Е-Кітапхананың Бас бетіндегі Іздестіру терезесінде Рубрикатор, Кеңейтілген іздестіру, Өшіру қосымша беттері бар (8, 10-сурет). Бөлек ресурстар басты беттен қолжетімді болып келеді. СБР іздестіруді кеңейтілген іздестіру режимінде материалдар рубрикаторы арқылы жүзеге асыруға болады.

Рубрикатор арқылы материалды іздестіру үшін келесі әрекеттерді орындау керек:

1) Рубрикатор қосымша бетіне басып, СБР тізімі пайда болады;

2) Ізделінген СБР таңдау, кейін Рубрикаторға басқан кезде, СБР таңдауға болатын терезе пайда болады (12-сурет);

Кеңейтілген іздестіру режимінде СБР іздестіру:

1) «Кеңейтілген іздеу» жазбасын басу керек, экранда кеңейтілген іздестірудің бөлімдері пайда болады (13-сурет);

2) Келесі қадамдар пайдаланушының таңдауы бойынша орындалады

(іздестіру үшін әрекеттерден бірі мүмкін: автор бойынша, қысқа ақпарат бойынша, түйінді сөздер бойынша, материал атауы бойынша, жеткізуші бойынша);

3) «Іздеу» батырмасын басу керек, экранда іздестіру шарттарына сәйкес келетін оқу материалдарының тізімі пайда болады.



12-сурет – «Рубрикатор» іздестірудің режимі



13-сурет – «Кеңейтілген іздеу» режимі

СБР жүктеу кезінде кейбіреулері, жаңа *Java* қосымшасын (яғни жазылмаған қосымшалар) немесе баспашы және аты туралы ақпараттарды талап етеді, үнсіздік бойынша оқшауланады-оқшауланған кезде «*Application Blocked by Security Settings*» хабарламасы шығады, осындай жағдайды болдырмау үшін, *Java* конфигурациясындағы баптағыштарда мекенжай сілтемесін жазу керек. Қажетті әрекеттер:

1) *https://e.edu.kz/ui/#/lcms/main* сілтемесін алмасу буферіне көшіру;

2) Басқару үстелінде *Java* (*Java Control Panel*) командасын жіберу (14-сурет);

3) *Java Control Panel* -де *Security* (Қауіпсіздік) қосымша бетін таңдау, *Security Level* белгісін төменгі деңгейге түсіріп, «*Edit Site List*» - сайттарды түзету батырмасына басу (14-сурет);

4) Пайда болған *Exception Site List* терезесінде алмасу буферінен *https://e.edu.kz/ui/#/lcms/main* қосу, кейін «Ок» батырмасына басу (15-сурет); *https://e.edu.kz/ui/#/lcms/main* қосқаннан кейін *Е*-кітапхана тезірек жүктелінеді және *Java* жаңа ерекшеліктер мен жаңалықтарға тексере бермейді.



14-сурет – *Java (Java Control Panel)* жіберілуі



15-сурет – Сайтқа сілтемені қосу

3) «Вебинарлар» функционалы – бұл әр түрлі форматтағы іс-шараларды өткізуге арналған алаң: презентациялардан бастап түрлі оқыту бағдарламаларына (дәрістер, семинарлар, шебер-сыныптар) дейін.

Adobe Connect қашықтықтан білім алу үшін таптырмас платформа. Бұл платформа бірнеше пайдаланушы қатыса алатын шынайы режимдегі

конференция ретінде болады. Жиналысты өткізу бөлмесі жиналысты өткізу үшін қолданылатын интерактивті қосымша ретінде. Бұл бөлменің құрамына түрлі панельдер (модульдер) мен компоненттер кіреді. Жеті дайын макеттерден біреуін қолдануға немесе өзінің жеке макетін құруға болады. Жиналысты өткізу бөлмесінде пайдаланушылар немесе қатысушылар компьютерлердің экрандары мен файлдарды қолдануға, чатта қарым-қатынасқа түсуге, аудио мен видеоларды таратуға, сонымен қатар басқа интерактивтік іс-шараларға қатысуға мүмкіндіктері бар.

Вебинарға қатысу үшін шақыру сілтемесі бойынша өту керек, мысалы:

http://connect.educom.ru/mcko. Бағдарламаға кірген кезде қонақ ретінде немесе кіру үшін аты мен құпиясөзді қолданып кіруге ұсынылады (16-сурет). Ашылған терезеде «Қонақ ретінде кіру» пунктін таңдап, «Аты» деген жолда өзіңіздің толық атыңызды және вебинарда ұсынатын мекемеңізді көрсетуіңіз керек. «Бөлмеге кіру» батырмасына басыңыз, жаңа терезе ашылады (17-сурет), Сіз осындай хабарламаны көресіз: «Бұл жабық жиналыс. Сіздің кіру туралы сұранысыңыз баяндамашыға жіберілді. Жауапты күтіңіз». Егер сізді бұл вебинарда күтетін болса, әкімшілік сізге кіруге рұқсат етеді. Ұйымдастырушы сізді авторластырғаннан кейін, сіз қатысатын жиналыс (вебинардың) беті ашылады. Бөлме осындай болады: (18-сурет).



16-сурет – Қосу терезесі



17-сурет – Қосу терезесі

1 – кіріс дыбыс сигналының қосу (сөну) батырмасы (үнсіздік бойынша қосылған). 2 – «Қолды көтеру» батырмасы (үнсіздік бойынша қосылмаған). Осы батырманы басу арқылы Өзіңіздің микрофоныңызды және/немесе вебкамераңызды қолдануға рұқсат сұрап жатқаңыз туралы әкімшіге сигнал беріледі. 3 – баяндамашының бейнесуретін көрсететін терезе. 4 – вебинар қатысушыларының тізімі бар терезе. Ұйымдастырушы атына меңзерді апару арқылы онымен жеке чатты бастауға болады (мысалы, қосылу проблемасын шешу немесе тікелей бейне трансляция үшін) (19-сурет). 5 – Чат терезесі (20-сурет). Берілген чат вебинарды өткізген кезде қарым-қатынастың негізгі құралы болады. Чат барлық қатысушыларға және бөлек таңдалған пайдаланушыларға хабарламаларды жазуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, чат мәзірінде Сіз өзіңізге ыңғайлы қаріп мөлшерін таңдай аласыз. Чат функциялары туралы толық ақпаратты «Анықтама» бөлімін таңдау арқылы біле аласыз (панельдің жоғары оң жағында басыңыз). 6 – «Ортақ қолдану» терезесі. Бұл терезеде жиналыстың ұйымдастырушысы немесе баяндамашысы берген материал көрсетіледі (презентация, мәтіндік құжат және т.б.).



18-сурет – Интерфейстің жалпы түрі



19-сурет – Вебинар қатысушыларының тізімі



20-сурет – Чат терезесі

Вебинар бөлмесіне сәтті қосылғаннан кейін дыбыстың сапасы мен баптауларын тексеру үшін «Жиналыс» → «Дыбыстың баптау шебері ...» таңдаңыз (21-сурет).

Келесі «Дыбыстың баптау шебері ...» ұсынымдары бойынша жүріңіз: (22, 24-суреттері).



21-сурет – Дыбысты баптау



22-сурет – Дыбысты баптау шебері терезесі

«Жазу» батырмасына басқаннан кейін, сервер үшін Өзіңіздің микрофоныңыз бен вебкамераңызға деген қолжетімділікті қамтамасыз етесіз бе деген сұрақ пайда болады. Егер рұқсатыңызды берсеңіз, «*Allow*» басыңыз, егер рұқсатыңызды бермесеңіз «*Deny*» (тыйым салу) басыңыз. Осындай жағдайда Сіз микрофоныңыз бен вебкамераңызды қоса алмайсыз (24-сурет).



23-сурет – Дыбыстың баптау шебері терезесі







24-сурет – Дыбысты баптау шебері терезесі

Вебкамера мен микрофон арқылы (баяндамашы белгілеген уақытта) сұрақты қою үшін Өзіңіздің статусыңызды өзгертіңіз (презентацияның жоғары жағында «Қол көтеру» таңдаңыз) (25-сурет).

Көп кешікпей,әкімші Сізге сәйкес құқықтарды береді, экраннның жоғары сол жағындағы құрал панелінде екі қосымша батырмалар пайда болады (26-сурет).



25-сурет – Конференцияға қатысу 26-сурет – Конференцияға қатысу

1 – басқанда микрофоныңызды қосады, 2 – вебкамераны қосу.

Үнсіздік бойынша екі батырма қосылмаған. Құралдарды қосқан кездесервер үшін Өзіңіздің микрофоныңыз бен камераңызға деген қолжетімділікті қамтамасыз етесіз бе деген сұрақ пайда болады; «*Allow*» басыңыз (Рұқсат ету). Камераны қосқаннан кейін «Видео» панелінде Сіздің камераңыздан ағымдық видео пайда болады. Трансляцияна бастау үшін «Ортақ қолдануды бастау» дегенге басыңыз. Егер әкімші Сізді баяндамашылар тобына көшірсе, «Ортақ қолдану» (19-суреттегі 6 терезе) терезесінде ашылатын мәзір пайда болады (27-сурет). Стрелкаға басу арқылы Сіз «Экранады ортақ қолдану» түсіп бара жатқан мәзірді көресіз. Ашылған мәзірден «Экранады ортақ қолдану» басыңыз және «Жұмыс үстелі» пунктін таңдаңыз. Осылайша Сіз конференция қатысушыларына мониторыңызда не болып жатқанын көруге мүмкіндік бересіз. Сіз кез келген файлды, сонымен қатар Интернет ресурс желілерін аша аласыз.

27-сурет – Конференцияға қатысу

Егер тек бір құжатты көрсеткіңіз келсе (*ppt, pptx, pdf, jpg, png, swf, flv, mp3, zip* форматта), «Құжатқа жалпы қолжетімділікті қосуға» басыңыз (28-сурет).

Ашылған мәзірде «Менің компьютеріме шолу ...» батырмасына басып, қажетті файлды таңдаңыз.



28-сурет – Конференцияға қатысу

Жұмыс үстелі мен құжаттың көрстетілуін аяқтағаннан кейін «Ортақ қолдануды тоқтату» батырмасына басыңыз.

Егер ұйымдастырушы «Сауалнама» модулін жіберсе, қатысушы берілген сұраққа жауап беру мүмкіндігін алады (29-сурет).



29-сурет – Сауалнама терезесі

Іс-шара аяқталғаннан кейін браузерде берілген бетті жабуға болады.

Вебинар кезінде видео мен аудио сигналдарының қысқа мерзімді тоқтаулары болуы мүмкін.

Трансляция шынайы уақыт режимінде 0,5 тен 2 секундқа дейін тоқтаумен жүреді және Интернет каналдары бойынша қысқа мерзімді ақаулықтар трансляция сапасына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Сізге бейнетрансляция сессиясының ішінде мәзір арқылы деректерді табыстау сапасын қадағалауыңызға болады (жоғарыдағы оң жақта «жасыл қосымша бетіне» басыңыз) (30-сурет).



30-сурет – Анықтама терезесі

Қорытынды

Білім берудегі бәсекелестікті арттыру мен сапалы білім беруді қамтамасыз ету арқылы адам қапиталын дамыту мақсатында жалпы білім беретін мектептерде электрондық оқыту жүйесі енгізілген. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Электрондық оқыту жүйесі» жобасын 2011 жылдан бастап кезең-кезеңмен мемлекеттік білім беру ұйымдарына енгізу қарастырылған.

Электрондық оқыту жүйесі құрамына біліктілікті арттыру сапасын арттыру үшін балаларды үйде оқыту үдерісінде қолдануға болатын функционал енеді. Электрондық оқыту жүйесі арқылы үйде оқытылатын бала кез келген уақытта, кез келген орыннан қай жерде тұрғанына тәуелсіз білім контенттерін қолдана алатындай мүмкіндіктерін алады.

Оқушылардың жұмыс орындарын негізі бағдарламалық - аппараттық платформалары болып келетін бағдарламалық - техникалық құралдармен қамтамасыз ету өзекті сұрақтардың бірі болып келеді.

Балалардың жұмыс орындарының жабдықтауына арналған барлық бағдарламалық-техникалық кешендер жалпы талаптарға сәйкес болу керек:

– аппараттық платформалар;

– жалпы жүйелік және базалық қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету;

– мүмкіндіктері шектеулі балалармен тиімді қолдануға болатын арнайы функциялар.

Сонымен қатар, үйде оқытылатын балалар мен ата-аналар үшін оқытуды, олардың компьютерлік жабдық пен бағдарламалық қамтамасыз етудің қолданылуын ұйымдастыру керек.

Осылайша, үйде оқытылатын балаларға ЭОЖ келесі мүмкіндіктерді береді:

- мұғалімнен жеке тапсырмаларды алу;
- шақыру бойынша вебинарларға қатысу;
- мектептен тыс уақытта сыныптастарымен араласу – форумда немесе чатта (соның ішінде үй тапсырмаларын талқылау, демалысты бірге өткізу және т.б.);
- танысуға және жаңа достардың пайда болуы;
- жүйе сайтында дербес ақпаратты орналастыруға (соның ішінде өз фотосуреттерін).

Глоссарий

Мүмкіндіктері шектеулі бала (балалар) – он сегіз жасқа дейінгі физикалық және (немесе) психикалық жеткіліксіздігі бар, өмірлік әрекеті шектеулі, тума, жүре пайда болған немесе зақым нәтижесінде пайда болған, белгіленген тәртіпте бекітілген аурулары бар бала (балалар).

Мүгедек бала – аурулар, зақым, және олардың салдары, өмірлік әрекетінің шектелуіне әкелетін кемшіліктері бар ағза функциясының тұрақты бұзылуы бар он сегіз жасқа дейінгі тұлға.

Үйде уақытша оқытылатын бала – денсаулығының жағдайына байланысты қысқа уақыт ішінде мектепке бара алмайтын 18 жасқа дейінгі мүгедек емес бала.

Арнайы білім беру бағдарламалары – мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға арналған бағдарламалар.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК) – арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің бірі болып табылады, кемтар балаларды білім, әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау басқару органдарымен бірлесіп, олардың медициналық арнайы білім мен әлеуметтік қызмет көрсету қажеттіліктерін есепке алады және есеп жүргізеді. Білім беру, әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау басқару органдарына кемтар балаларға арналған арнайы түзеу мекемелер желісін дамыту жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Психикалық дамудың тежелуі (ПДЖ) – орталық жүйке жүйесі органикалық немесе функционалдық жағынан жеңіл зақымданған, сондай-ақ әлеуметтік депривация жағдайында ұзақ қалып қойған балаларға қатысты қолданылады. ПДЖ типтері: конституционалдық түрі, психикалық дамудың церебральды - астениялық түрі, психикалық дамудың соматогендік түрі, психикалық дамудың кешеуілдеуінің психогендік түрлері.

«Электрондық журнал» модулі – оқушылардың үлгерімі мен қатысуын есепке алудың құралы болып табылады, оқушы білімінің сапасын бағалау жүйесінің мөлдірлігін және ата-аналармен үнемі өзара әрекеттесу, оқыту нәтижелері туралы оларды хабарландыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

«Оқушының электрондық күнделігі» модулі нақты уақыттарда ұстаздарға курс бойынша тапсырманы және оқушыларға тиісті бағаларын жазуға, есептеуге, оларды сақтап және оқушылардың сабақ бойынша бағалар туралы мәліметтерін хабарлауға мүмкіндік береді.

Сандық білім беру ресурстары (СБР) – оқу пәнінің белгілі бір тақырыбы бойынша мультимедиалық түсіндіруді, интерактивтік тапсырмаларды, виртуалдық зертханаларды және тестілік сұрақтарды қамтитын кешен.

Е-Кітапхана – құрамына сандық білім беру ресурстары, нормативтік құжаттар базасы, бақылау-өлшеу материалдарыенетін ЭОЖ кешені.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (21.07. 2015 ж. бағытталған өзгертулер мен толықтырулар).

2 11.07. 2002 ж. № 343 ҚР «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы.

3 2004 ж. 26 қарашадан № 974 ҚР БжҒМ «Оқу-тәрбиелік ұйымдарының мүгедек-балаларды үйде оқытуда ата-аналарға көмек көрсетуі тәртібі туралы бұйрық».

4 04.01. 2012 ж. № 01-213 «Ұлттық ғылыми-тәжірибелік түзету педагогика орталығы» ММ өңдеген үйде оқытылатын мүгедек балалардың жұмыс орындарын бағдарламалық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету жөнінде әдістемелік - ұсыным хат.

5 2015-2016 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарындағы ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік-ұсыным хат. - Астана: - Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 232 б.

Электрондық ресурстар:

http://special-edu.kz/index.php?do=static&page=inf

http://netnado.ru/jurnal-spravochnik-rukovoditelya-obrazovatelenogo-uchrejdeniya/page-2.html

Содержание

	Введение	28
1	Методические особенности организации обучения детей на дому	29
2	Использование функциональных и образовательных ресурсов СЭО для организации обучения на дому.....	32
	Заключение.....	48
	Глоссарий.....	49
	Список использованных источников.....	50

Введение

В Послании «Стратегия Казахстан-2050. Новый политический курс состоявшегося государства»» Президент страны определил новые принципы социальной политики, обозначив одним из важных приоритетов развития страны на ближайшие годы защиту детства, и обозначил основные приоритеты в деятельности государственных органов по ее реализации. Государственная социальная политика призвана обеспечить полноценное физическое, интеллектуальное, духовное, нравственное и социальное развитие ребенка в соответствии с нормами Конституции Республики Казахстан и международными обязательствами.

Согласно статьи 8 Закона Республики Казахстан «Об образовании» для граждан, которые начального, основного среднего, общего среднего образования, организуется индивидуальное бесплатное обучение на дому или в лечебных организациях.

Индивидуальное обучение больных детей-учащихся 1-11 классов в возрасте до 18 лет, которые по состоянию здоровья короткое время (до 6 месяцев), не могут посещать занятия в школе, разрешается специальным письмом Министерства. Организация индивидуального обучения этих учащихся на дому должна проводиться на основании заключения лечебного учреждения (больницы, поликлиники, диспансера) и с разрешения, в каждом отдельном случае, районного (городского) отдела образования. Психолого-медико-педагогическая консультация (ПМПК) для детей данной категории не проводится. Программа обучения временно больных детей – общеобразовательная.

Если ребенок с ограниченными возможностями, то ПМПК в присутствии родителей определяют программу обучения (общеобразовательная, ЗПР и коррекционная вспомогательная 1 или 2 типа). В зависимости от рекомендации ПМПК организация образования разрабатывает программу обучения.

